

"Колеса" АҚ сайттары мен мобильді қосымшаларын пайдалану кезінде құпиялық және дербес деректерді өңдеу саясаты

«Колеса» АҚ сайттары мен мобильді қосымшаларын пайдалану кезінде құпиялықты сақтау және дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Колеса» АҚ-ның (бұдан әрі – Kolesa) Сіздің дербес деректеріңіздің (бұдан әрі – Деректер) қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі мен талаптарын айқындайды, сондай-ақ қандай деректерді алатынын, оларды қалай пайдаланатынын және басқа тұлғалармен қандай тәртіпте алмасатынын белгілейді.

Пайдаланушының Саясатты толық және сөзсіз қабылдауы, оның ішінде хабарландыруларды іздеу, қарау немесе орналастыру, Интернет-ресурста тіркелу, пікірлер жазу, байланыс нысаны арқылы хабарламалар жіберу және Интернет-ресурстардың функционалын пайдалануға байланысты өзге де әрекеттер жасау Пайдаланушының Интернет-ресурстарды пайдалануға бағытталған әрекеттерді жасауы болып табылады.

Kolesa қандай мәліметтерді Деректер деп есептейді

Kolesa үшін Деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға байланысты қызметтің мақсаттары, қағидаттары мен құқықтық негіздері маңызды мәнге ие және басты басымдықтардың бірі болып табылады. Сондықтан Kolesa «дербес» деп Сізге, атап айтқанда www.kolesa.group.kz сайттарының және Kolesa-ға тиесілі өзге де ресурстардың (бұдан әрі – Интернет-ресурстар) Пайдаланушысына қатысты және/немесе Сіз көрсеткен, оның ішінде Қызметтерді көрсету мақсатында үшінші тұлғалар туралы ұсынылған Деректерді есептейді.

Kolesa Сіз туралы қандай Деректерді алады

Kolesa ақпаратты келесі мақсаттар:

- әлеуетті үміткерлерден түйіндемелерді алу;
- оқудан өтуге ниет білдірген тұлғалардан сауалнамалар алу;
- кадрлық резерв картотекасын толықтыру үшін алады немесе жинайды.

Сіз ұсынатын ақпарат:

Пайдаланушы Kolesa сұратқан келесі деректерді ұсына алады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
2. туған күні және орны;
3. тұрғылықты мекенжайы,
4. электрондық поштаның мекенжайы,
5. отбасылық жағдайы,
6. білімі/біліктілігі туралы мәліметтер,
7. жұмыс тәжірибесі/мамандығы туралы мәліметтер

Үшінші тұлғалардан келіп түсетін ақпарат

Kolesa үшінші тұлғалар ұсынған ақпаратты алады, оның құрамында Пайдаланушыға, сондай-ақ Пайдаланушы көрсеткен өзге тұлғаларға қатысты деректердің болуы мүмкін. Мысалы, Kolesa интернет-ресурстарының пайдаланушылары бізге Сіздің телефон нөміріңізді және (немесе) өзге де деректеріңізді ұсынуы мүмкін. Мұндай ақпараттың ұсынылуы үшінші тұлғалардың оны Kolesa-ға беруіне ақпарат иесінің келісімінің алынғанын білдіреді.

Kolesa Сіздің деректеріңізбен қалай алмасады

Kolesa Сіздің дербес деректеріңізді және мәліметтеріңізді, оның ішінде интернет-ресурстарды пайдалану кезінде алынған ақпаратты қоса алғанда, төмендегі жағдайларды қоспағанда, жария етпейді және үшінші тұлғаларға бермейді:

- Сіз (Сіздің ата-анаңыз немесе қамқоршыңыз) мұндай әрекеттерге өз келісіміңізді нақты білдірсеңіз.
- Егер беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген болса.
- Егер Сіз өзіңіздің дербес деректеріңізді жою (өшіру), жасыру, бұғаттау, өңдеуді шектеу туралы талаптар қоймаған болсаңыз және бұрын берілген келісіміңізді кері қайтарып алмаған болсаңыз.
- Беру Сізбен жасалған шарттарды/пайдаланушы келісімін орындау үшін қажет болған жағдайда.

Kolesa-ға үшінші тұлғалардың дербес деректері мен мәліметтерін (оның ішінде ЖСН, Т.А.Ә., ұялы телефон нөмірі, туған күні және/немесе туған жылы, электрондық пошта мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қатысты осындай деректерді) тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсыну кезінде, Сіз олардың дербес деректерін Kolesa-ның және үшінші тұлғалардың жинауына, өңдеуіне келісім алғаныңызды растайсыз, бұл ретте деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде орналастыруға жол берілмейді.

Келісім алу тәсілдерінің тізбесін төменде көрсетілген тәсілдердің бірі Kolesa-ның қалауы бойынша:

- 1) қысқа хабарлама (sms) жіберу арқылы;
- 2) Пайдаланушының тиісті белгі қою ұяшығына белгі (құсбелгі) қоюы арқылы;
- 3) Kolesa кеңсесінің орналасқан мекенжайына өтініш нысанының түпнұсқасын/сканерленген нұсқасын жіберу арқылы айқындайды;
- 4) оның ішінде Kolesa-ға интернет-ресурстар арқылы тексеруге (талдауға) хабарламалар, шағымдар жіберу, сондай-ақ интернет-ресурстардың және Kolesa қызметкерлерінің жұмысы туралы пікір қалдыру кезінде, сондай-ақ интернет-ресурстардың ресурстары мен функционалын өзге де түрде пайдалану Пайдаланушының өзінің Деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімі болып табылады.

– Келісім беру Пайдаланушының:

- осы Саясаттың мәтінімен танысқанын және оның талаптарымен келісетінін;

– Пайдаланушыға қатысты жиналатын дербес деректер тізімімен танысқанын;

– Kolesa-ға үшінші тұлғалардың дербес деректерін ұсыну кезінде Пайдаланушы олардың дербес деректерін Kolesa-ға және тиісті Қызметтерді ұсыну үшін үшінші тұлғаларға беруге келісім алғанын растайтынын білдіреді. Пайдаланушы интернет-ресурсты пайдалануға байланысты өз әрекеттері үшін, оның ішінде интернет-ресурстарға енгізілген деректердің дұрыстығы және енгізілген деректердің үшінші тұлғалардың құжаттарына сәйкестігі үшін үшінші тұлғалар алдында дербес жауапты болады;

Осы Келісім қойылған жинау мақсатына қол жеткізілгенге дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректерді сақтау және өңдеу жөніндегі заңнама талаптарын орындау мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Сіз интернет-ресурстарды пайдалануға байланысты өз әрекеттеріңіз үшін, оның ішінде интернет-ресурстарға енгізілген деректердің дұрыстығы және енгізілген деректердің жеке басын куәландыратын үшінші тұлғалардың құжаттарына сәйкестігі үшін үшінші тұлғалар алдында дербес жауапты боласыз.

Kolesa ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін қандай қауіпсіздік шараларын қолданады

Kolesa заманауи технологиялар мен ішкі рәсімдерге ие және Сіздің Деректеріңіз бен мәліметтеріңізді бөгде тұлғалардың араласуынан, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерінен, жария етуден немесе жойылудан қорғауға бағытталған барлық шараларды жүзеге асырады.

Интернет-ресурстар Сіз бен Kolesa арасындағы интернет желісі арқылы берілетін деректердің қорғалуын HTTPS қорғалған хаттамасы арқылы, TLS криптографиялық хаттамасын пайдалана отырып қамтамасыз етеді.

Kolesa деңгейінде Сіздің деректеріңіздің құпиялылығын сақтау, есептік жазбаны жою.

Kolesa Сіздің деректеріңізді оларды жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болған мерзім ішінде және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында осы Саясатқа сәйкес сақтайды.

Сіз өз есептік жазбаңызды жоя аласыз. Жою процесі аяқталғаннан кейін барлық деректер жойылады.

Орындалмаған міндеттеме болған жағдайда, оны орындаған сәтке дейін деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімді кері қайтара алмайсыз.

Құпиялық туралы мәселелер

Саясат барлық Пайдаланушыларға қолданылады және интернет-ресурстарды пайдалану кезінде олар ұсынған Деректерге қатысты қолданылады.

Егер Сіз Саясатпен келіспесеңіз, интернет-ресурстарды пайдаланудан бас тартуыңыз немесе Kolesa-мен байланысып, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 157/4 мекенжайы бойынша жазбаша өтініш қалдыруыңыз қажет.

Сіз Саясат талаптарын толық немесе ішінара қабылдаудан бас тартқан жағдайда, интернет-ресурстардың барлық немесе кейбір функциялары Сіз үшін қолжетімсіз болуы мүмкін екенімен келісесіз, себебі мұндай бас тарту Kolesa-ның Қызметтерді көрсетуіне мүмкін болмайды.

Егер Сізде Саясатқа қатысты басқа да сұрақтар болса, +7 705 031 11 86 телефоны арқылы хабарласа аласыз.

Сіз кез келген уақытта WhatsApp мессенджері арқылы хабарламалар алудан бас тарта аласыз. Ол үшін келесі телефон нөміріне хабарласыңыз: 8 771 228 02 97.

Kolesa Сіздің жеке ақпаратыңыздың құпиялылығына аса жауапкершілікпен қарайды. Біз Сіздің өтінішіңізді қарап, сұрағыңызға ең оңтайлы жауапты анықтаймыз және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімдерде жауап береміз.

Сіз, интернет-ресурстардың пайдаланушысы ретінде, және Kolesa арасындағы қатынастардан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы (дауды ерікті түрде реттеу туралы жазбаша ұсыныс жолдау арқылы) шешіледі.

Шағымды алушы шағым түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде шағым берушіге шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлайды. Егер келісімге қол жеткізілмесе, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органының қарауына беріледі.

Саясат кез келген уақытта Пайдаланушыларға алдын ала қандай да бір хабарлама жібермей-ақ өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Өзгерістер интернет-ресурста жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Саясатқа және Пайдаланушы мен Kolesa арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қолданылады. Интернет-ресурстарға, оның ішінде іске асырылып жатқан және әзірленіп жатқан байланысты сервистерге қатысты барлық құқықтар «Колеса» АҚ-ға тиесілі.